



ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Нурпеисов Мухаметжан Кенжетаевич,
Сурабалдиева Бахыт Турсыновна

М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті,

*«Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру» кафедрасының аға оқытушылары,
педагогика ғылымдарының магистрі*

bt.surabaldieva@dulaty.kz

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15078488>

Аңдатпа. Қазіргі таңда цифрлық технологиялар күнделікті өмір салалары мен қызметтің барлық салаларына кеңінен енгізіліп отыр. Білім беру үдерісіне қатысушы тұлғалардың, ең алдымен мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру білім беру жүйесінде жүргізіліп және болашақта жоспарланып отырған өзгерістердің басты мақсаты болып табылады.

Тірек сөздер. Педагог. Цифрландыру. Цифрлық құзыреттілік. Цифрлық технология. Онлайн білім беру.

Қазіргі таңда білім беру саласында орын алып отырған өзгерістерге сай бәсекеге қабілетті, жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға қалыптастырушы маман - педагогтерге қойылатын талап та күшейе түсуде. Өзін-өзі жан-жақты дамыту, үздіксіз білім алу, үнемі біліктілігін жетілдіріп отыру, жаңа дағдылар мен құзыреттілікті игеру – мұның барлығы жаңа заман педагогтеріне қойылатын талаптар. Педагогикалық үдерісте кәсіби құзыреттіліктерін ұтымды көрсетудің бір жолы цифрлық ресурстарды қолдану болса, демек, жоғарыдағы талаптар қатарына цифрлық құзыреттіліктерге ие болуды да жатқызуға болады.

Педагогтің цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы, ең алдымен, цифрлық кеңістікті қалыптастыру жағдайында білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Инновациялық цифрлық ортада цифрлық құзыреттілігі толыққанды қалыптасқан және өзінің білім беру тәжірибесінде цифрлық технологияларды қолдана білетін мұғалім даярлау маңызды іс болып табылады. Себебі цифрлық құзыреттілік аясы ауқымды. Мұғалім өз кезегінде білім алушының түрлі ақпарат көздерінен мәлімет алуын қамтамасыз ететін цифрлық құзыреттілігінің дамуы мен заманауи технологияларды меңгеру үшін көп ізденуі шарт. Осы ретте «құзыреттілік», «цифрлық құзыреттілік» дегеніміз не деген сауалдың да туындайтыны анық. Бұл мәселе бойынша педагогика саласында көптеген ғалымдар ізденіс жүргізіп, ғылыми еңбектерін жариялап, өз тұжырымдарын ұсынған. Солардың бірі К.О. Оразбаева «құзыреттілік – алынған білімдер мен біліктерді іс жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және



теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі» деген анықтама берсе [2], Г.У. Солдатова мен Е.И. Рассказова «жеке тұлғаның өмірдің әртүрлі салаларында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз таңдау және қолдану қабілеті» деп тұжырымдайды [3].

Цифрлық құзыреттілік дегеніміз – технологияларға байланысты дағдыларды сипаттайтын жаңа тұжырымның бірі. Соңғы уақытта цифрлық технологиялардың дағдысы мен шеберліктерін сипаттайтын «ақпараттық коммуникацияларды игеру дағдысы», «технологиялармен жұмыс істей білу дағдысы», «ақпараттық технологиялар дағдысы», «XXI ғасырдағы дағдылар», «ақпараттық сауаттылық», «цифрлық сауаттылық» және «цифрлық дағды» сынды бірнеше терминдер қолданыс тауып келеді. Бұл терминдер синоним ретінде де қолданыс табуда.

Цифрлық құзыреттіліктер оқытушының принципіалды жаңа, цифрлық ортада жұмыс істеуге мәжбүр болуымен және білім беру үдерісінің басқа қатысушыларымен: тікелей білім алушылармен, басқа оқытушылармен, әкімшілікпен және ата-аналармен, сондай-ақ оқу үдерісіне қатысатын үшінші тұлғалардың өзара әрекеттесуімен байланысты екенін түсінудің маңызы зор [4].

Педагогтің құзыреттілігі қоғамның жаңа талаптарына сай үнемі дамып отыратын үдеріс десек, цифрлық құзыреттілік жаңа заман педагогінің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі болып саналады. Педагогтер өздерінің білім беру тәжірибесінде компьютер, интерактивті тақта, проектор, ұялы телефон, ноутбук, планшет, смартфон сынды тағы басқа цифрлық оқытудың мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. Демек, білім беру үдерісінде қолданылатын заманауи ақпараттық және мобильді технологияларды шартты түрде «цифрлық технологиялар» терминімен беруге болады [5]. Ендеше, осындай цифрлық технологияларды меңгеруді білдіретін педагогтің цифрлық құзыреттілігін құраушыларға қарастырайық.

Педагогтің цифрлық құзыреттілігі келесі шеберлік пен дағдыларды қамтиды:

- компьютермен жұмыс істеудің базалық дағдыларын (папка, файлдармен жұмыс жасай білу және т.б.) меңгере білу;
- цифрлық білім беру ресурстары мен білім беру платформаларының негізгі түрлерін білу;
- түрлі білім беру порталдарының негізінде интерактивті режимде жеке тапсырмаларды әзірлей білу шеберлігі;



- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың түрлі құралдарын (компьютер, интерактивті тақта, сабақ бағдарламалары, интернет және т.б.) пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде түрлі сабақтарды және сабақтан тыс іс-шараларды өткізе білу дағдысы;

- желіде (электронды пошта, түрлі мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде) өзара байланыс жасай білу шеберлігі;

- ақпаратты оңтайлы іздестіру сапасын бағалай білу шеберлігі (түрлі іздеу жүйелерін қолдана білу, іздеуге өтінім беру шеберлігі және т.б.).

Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымының (ЮНЕСКО) ұсынған педагогтің цифрлық құзыреттілігінің құрылымына зер салатын болсақ, олардың жіктемесі бойынша цифрлық құзыреттілік үш модульден тұрады:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану –әлеуметтік дамуы үшін білім алушыларды цифрлық технологияларды қолдануға даярлау.

2. Білімді игеру – цифрлық технологияларды қолдана отырып, білім алушылардың өз елінің әлеуметтік және экономикалық саласын дамыту қабілетін қалыптастыру.

3. Білім өндірісі – білім алушылардың алған білімдерін қайта жаңғырту қабілеті мен инновациялық үдерістерге қатысуға тәрбиелеу.

Бұл модульдердің әрқайсысы жұмыстың алты қырын қамтиды: білім берудегі цифрлық құзыреттіліктің рөлін ұғыну, оқу бағдарламасы мен баға алу, педагогикалық тәжірибелер, АКТ техникалық және бағдарламалық құралдары, білім беру үдерісін ұйымдастыру мен басқару, кәсіби даму.

Цифрлық құзыреттілік цифрлық мектеп мұғалімінің маңызды кәсіби сипаттамасы болып табылады. Оның мәнін анықтау мәселелері, қалыптасу тәсілдері мен деңгейін бағалау цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен оның адамның өмірі мен қызметіндегі рөлінің өзектілігін арттырып отыр.

Цифрландыру жағдайында педагогтің жетекші қызметіне келесілер жатады:

- дамыту мүмкіндіктері жоғары оқу курсының жергілікті білім беру ортасын құруға арналған білім берудің түрлерін, әдістерін, жұмыс материалдары мен бағалау құралдарын жобалау;

- цифрлық технологияларды қолданудың оңтайлы бірізділігі мен оқу қызметін ұйымдастырудың көпқырлы, қарқынды түрлерінің негізінде оқу сабақтарының сценарийлерін жобалау;



- цифрлық білім беру ортасында білім алушылардың жеке және топтық (өзіндік, жобалық, желілік қоса алғанда) қызметін ұйымдастыру;

- білім беру маңызы жоғары коммуникация жағдаяттарын жобалау мен ұйымдастыру (желілік коммуникацияны қолдана отырып);

- цифрлық буын өкілінің – виртуалды және шынайы буынының түрлі өмірлік кеңістіктерінің бірігуі, нақты әлеуметтік және кәсіптік әлемде білім алушының дамуына қолдау таныту;

- білім алушылармен (оқу тобымен, жобалық командамен және т.б.) жұмыс істейтін басқа да педагогтермен үнемі өзара байланыс орнатып отыру.

Бүгінгі таңда заманауи мектеп мұғалімі дәстүрлі форматтағы мұғалім рөлімен қатар модератор, білім беру траекторияларының әзірлемешісі, тьютор, жобалық білім беруді ұйымдастырушы, онлайн білім беру порталдарының үйлестірушісі, стартап менеджері және т.б. сынды жаңа рөлді де атқара білуі тиіс. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, қашықтықтан оқу форматына көшу педагогтердің цифрлық сауаттылығын арттырумен, мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың жаңа цифрлық технологиялары мен ресурстарын қолданудың тиімділігіне байланысты ақпараттық және әдістемелік контент көлемінің айтарлықтай артуына себепші болып отыр.

Цифрлық ақпараттың стандартталған репозиторийлері арқылы тікелей ұсынылатын оқу объектілері түріндегі онлайн-контентті дайындап шығару бағытындағы бүгінгі қызмет – оқыту технологияларын өз жұмысында тиімді түрде қолданғысы келетін мұғалімдерді сан алуан цифрлық ресурстармен қамтамасыз ете алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. К.О. Оразбаева Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация / Алматы, 2016.
2. О.В. Дудина, Т.В. Горбунова Цифровая грамотность будущих педагогов -психологов // Современные проблемы науки и образования. Алматы, 2022.
3. М.Е.Курманбаева Қазіргі заманғы оқытушы және оның цифрлық құзыреттілігі // Астана, Білім айнасы. 12.07.2020 ж.
4. Ж.Н.Рахимова, Д.М. Джусубалиева Цифровые технологии как эффективный механизм формирования дискурсивной компетенции будущих учителей иностранного языка// Вестник КазНУ, 2021.